

Республикалық лингвистикалық олимпиаданың екінші кезеңі (2023-2024 оқу жылы)

28 қараша 2023 жыл

Бұл кезеңде сізге 3 лингвистикалық есепті шешу ұсынылады. Мұнда лингвистиканы білу қажет емес. Тапсырмаларды шешу үшін қажет ақпараттың барлығы есептердің өзінде бар. Барлығы 120 ұпай жинай аласыз, тапсырмалардың бағалануы төменде көрсетілген.

Сәттілік тілейміз!

Тапсырмалардың бағалануы

Есеп	Ұпай	Нәтиже
1	40	
2	40	
3	40	
Жалпы:	120	

Лингвистикадан XXI халықаралық олимпиадасына іріктеу

KazLingO

1 Кокостың көкесі

Вурес тілінің сөз тіркестері мен олардың аудармалары берілген:

- | | |
|------------------|---|
| 1. kulë gövur | A. қырсық |
| 2. mōtō mölumlum | B. қалың және берік бамбуктың бір түрі |
| 3. mōtō gö luwō | C. бас ауруы |
| 4. qet mēmēs | D. үйдің алды |
| 5. kulë | E. арқа |
| 6. woo mölum | F. еті қабығынан оңай ажырайтын кокостың түрі |
| 7. burus mete | G. есік |
| 8. mōtō vet | H. кокостың қалың етті, ірі түрі |
| 9. giav vet | I. үйдің арты, бүйір беттері мен шатыры |
| 10. qetvet | J. әдетте тасты жағалауда кездесетін шаянның түрі |
| 11. nögö gövur | K. қабығынан қиын ажырайтын қатты еті бар кокостың түрі |
| 12. woo vet luwō | L. кірпік |
| 13. mete gövur | M. жұмсақ бамбуктың түрі |

1-тапсырма (28 ұпай). Вурес сөз тіркестері мен аудармаларын сәйкестендіріңіз.

2-тапсырма (3 ұпай). qetvet сөзінің сөзбе-сөз аудармасын жазыңыз.

Өмірдің белгілі бір кезеңінде **nögö** үстінде **mete mōtō** пайда болатыны белгілі, олар уақыт өте келе өздерімен өзі жоғалады.

3-тапсырма (2 ұпай). nögö сөзі нені білдіретінін жазыңыз.

4-тапсырма (5 ұпай). mete mōtō сөз тіркесі нені білдіретінін және оның сөзбе-сөз аудармасын жазыңыз.

5-тапсырма (2 ұпай). Қай кезең туралы айтылған?

△ Вурес тілі Австронезия тіл отбасының Оңтүстік Океания тілдеріне жатады. Бұл тілде Тынық мұхитындағы Вануату мемлекетінің аралдарының бірі – Вануа-Лава аралының оңтүстігінде шамамен 2 мың адам сөйлейді.

ō, ö, ē, ë вурес тілінің ерекше дауыстыларын білдіреді.

2 Мені кім шақырды?!

Уамбиса тілінің сөздері мен олардың барлық мүмкін аудармалары берілген:

1. untsu-ru-ka-ma-mi – *сен мені шақырдың*
2. untsu-ka-ma-rumi – *сендер оны шақырдыңдар*
3. uaina-ka-ma-ji – *ол оны көрді*
4. **uaina-tama-ka-ma-hi** – *ол бізді көрді*
5. **untsu-rama-ka-ma-rumi** – *ол сендерді шақырды; сендер бізді шақырдыңдар*
6. uaina-ka-ma-hirumi – *біз сендерді көрдік*
7. untsu-ka-ma-hami – *мен сені шақырдым*
8. untsu-ka-ma-ha – *мен оны шақырдым*
9. uaina-tu-ka-ma-ji – *ол мені көрді*
10. uaina-ka-ma-himi – *біз сені көрдік*

1-тапсырма (2 ұпай). Қалың қаріппен белгіленген сөздер жоғарыдағы басқа сөздерде байқалмайтын белгілі бір ерекшелікке ие. Олардың ерекшелігі неде?

2-тапсырма (4 ұпай). Қазақ тіліне аударыңыз*:

11. untsu-ru-ka-ma-rumi
12. uaina-tama-ka-ma-ji
13. untsu-ru-ka-ma-ji

3-тапсырма (11 ұпай). Уамбиса тіліне аударыңыз*:

14. *біз оны шақырдық*
15. *мен сендерді шақырдым*
16. *сен бізді көрдің*
17. *ол бізді шақырды*
18. *сен оны көрдің*

4-тапсырма (23 ұпай). Уамбиса сөздерінің құрылымын сипаттаңыз.

△ Уамбиса тілі хивар тіл отбасына жатады. Бұл тілде Перудің солтүстігіндегі Морона мен Сантьяго өзендерінің бойындағы таулы Анд джунглиінде шамамен 9 мың адам сөйлейді.

*Бұл тапсырмаларда екінші тілге бірнеше жолмен аударуға болатын сөздер жоқ — бұл сіздің жауаптарыңыз шартта берілген сөздермен қайталанбауы керек екенін білдіреді.

3 Vivali Vida

viwana	4
makumi atanu na limo na vitanu na vivali	67
chiita na makumi atatu na vivali	132
likulukathzi na viita vivali na vitanu	1205

1-тапсырма (6 ұпай). Цифрмен жазыңыз:

- likumi na vitatu
- viita vitanu na chimo na makumi awana na vitanu na vitatu
- likulukathzi na vivali

2-тапсырма (12 ұпай). Мбунда тілінде жазыңыз: 53, 341, 9876.

3-тапсырма (22 ұпай). Мбунда тіліндегі сан есімдердің құрылымын сипаттаңыз.

△ Мбунда тілі Атлантика-Конго отбасының Банту тобына жатады. Бұл тілде Ангола мен Замбияда шамамен 218 мың адам сөйлейді.